



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛ

АЛТЫН БІЛІМ КІЛТІ

Білім беретін ғылыми педагогикалық әдістемелік шығармашылық

04 (03) 2024 жыл



Каратаева Айжан Абдрамановна

«Аяла» санаторлық бөбекжайы" КММ-сі
«Көгершін» ортанғы топ
II-санатты тәрбиеші



Каратаева Айжан Абдрамановна
«Аяла» санаторлық бөбекжайы" КММ-сі
«Көгершін» ортаңғы топ
II-санатты тәрбиеші

Білімнің бастауы балабақшада

Қазіргі кезде балаға үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі. Демек, өсіп келе жатқан болашақ жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. «Барлық білімнің бастауы – балабақшада» - деп қазақ халқы бекер айтпаса керек. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрине, ол үшін балабақшаФны- балалардың мекені деп тани отырып, болашақтың қақпасына жол ашар білім ордасы деп білуіміз қажет. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы секілді. Балабақшада берілетін тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан ақ қалыптастырады.

Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше балабақша – баланың жүйелі түрде білім мен тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық білім ошағы деп қуанышпен айта алуымыз керек. Сол болашақтың қақпасында тәрбиеленіп жатқан әрбір балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім мен жүректерінде патриоттық сезімдері болуы тиіс.

Салыстырмалы түрде айтатын болсам, балабақшаға барған баламен балабақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – балалармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де көптеген іс - қимылдарында айырмашылықтар байқалады.

Балаларын балабақшаға берместен бұрын ата – аналарда «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны айтпасада түсінікті. Сол себепті балабақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, сол еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын тәрбиешілердің жұмыс орны деп қарамағандарыңыз жөн. Керісінше, балабақша менің балама білмегенді үйрететін, жаманнан жейрендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп түсінген дұрыс.

Біз тәрбиеші мамандығымыздың қыры, сыры да күн сайын көз алдымызда өсіп келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс жасау. Баршамызға блгілі өмірге келген әрбір бала отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Бірішіден, бала отбасында тәлім – тәрбие алып, 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақша әкеліп тапсырады. Сол кезде ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі біздерміз.

Бала тәрбиесі бесіктен басталады демекші, отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне ата – аналар себепкер болады.

Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешілерге байланысты болмақ.

Балабақшда тәрбиеші – суретші, әрі әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын түсінер психолог десем болады. Осы бүлдіршіндеріміз әр мереке сайын іс-шараларға белсене ат салысып, балалардың көңілін көтеріп, өз өнерлерін көрсетіп жүреді. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жақ қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – осы балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асады. Балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Сөйлеу тілін дамытып отырып, балалармен қарым-қатынасқа икемдейді. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бір жолы. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түсіндіре отырып, баланың тілін дамыту. Себебі, ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін т.б.ажыратуға үйрете отырып, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығын дамытады. Сонымен қатар, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Тәрбиешілер түрлі рөлдерді сомдай отырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі



Altyn bilim kilyu оқу орталығы
Мемлекеттік тіркеу № KZ80VPY00051745



Сертификат

Каратаева Айжан Абдрамановна

Халықаралық білім беретін ғылыми- педагогикалық әдістемелік
шығармашылық бағыттағы "ALTYN BILIM KILTY" журналында білім дамыту
саласындағы өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын жариялағанын
растайды



А.А. Альжанова
Бас редактор:



Тіркеу № 0800133

Алматы қаласы 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі



Altyn bilim kilyt оқу орталығы
Мемлекеттік тіркеу № KZBOVPY00051745

АЛҒЫС ХАТ

Каратаева Айжан Абдрамановна

Біз сіздің білім беру және оқыту саласындағы абыройлы да игілікті еңбегіңізді, жоғары кәсіби шеберлігіңізді жоғары бағалаймыз. Біздің журналымыздың оқырмандар арасында кеңінен таралуына зор үлес қосқаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сізге мықты денсаулық, мұқалмас қайрат, шығармашылық сарқылмас толағай табыс пен жасампаздық тілейміз!



А.А. Альжанова
Бас редактор:



Тіркеу № 0800134

Алматы қаласы